

Химия

Бір дұрыс жауабы бар тапсырма

1. Алмасу реакциясына жатады

- A) $\text{H}_2 + \text{Cl}_2 \rightarrow$
- B) $\text{CaCO}_3 \rightarrow$
- C) $\text{N}_2 + \text{H}_2 \rightarrow$
- D) $\text{Ba(OH)}_2 + \text{HCl} \rightarrow$
- E) $\text{HCl} + \text{Zn} \rightarrow$

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма

2. Қыздырғанда айырылмайтын негіз

- A) алюминий гидроксиді
- B) мырыш гидроксиді
- C) бериллий гидроксиді
- D) мыс (II) гидроксиді
- E) литий гидроксиді
- F) натрий гидроксиді

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Тосапты әдетте алюминийден, мыстан жасалған және эмальданған ыдыстарда қайнатады. Бірақ, ежелден келе жатқан мәзірлерді оқысаңыз, ең жақсысы мыстан жасалған ыдыстарда қайнатқан жөн делінген. Неліктен?

1. 27 г алюминий тұз қышқылының артық мөлшерімен әрекеттескенде түзілген сутектің (қ.ж.) көлемі

- A) 44,8 л
- B) 22,4 л
- C) 11,2 л
- D) 33,6 л
- E) 56,0 л

2. Мыс пен алюминийдің 50 г қоспасына тұз қышқылымен әсер еткенде 33,6 л (қ.ж.) сутек бөлінді. Қоспадағы мыстың массалық үлесі

- A) 27 %
- B) 37 %

- C) 54 %
- D) 46 %
- E) 50 %

3. Сұйытылған күкірт қышқылымен әрекеттеспейтін металл

- A) кобальт
- B) алюминий
- C) мырыш
- D) мыс
- E) темір

4. Электрөткізгіштігі ең жоғары металл

- A) сынап
- B) мыс
- C) күміс
- D) алюминий
- E) темір

5. Жеңіл металл

- A) күміс
- B) алюминий
- C) темір
- D) алтын
- E) мырыш